

Атырау облысында карантиндік және аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімиятының 2004 жылғы 6 маусымдағы N 1 қаулысы. Атырау облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 30 маусымда N 2037 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатына сәйкес

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 03.10.2011 № 275/1711/-МШ хатына сәйкес.

Облыс халқының»карантиндік және аса қауіпті жұқпалы аурулар жөніндегі эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 361-ІІ "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңын және Қазақстан Республикасының»2003 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"» Заңының 27 бабы бойынша облыстық әкімият ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысында карантиндік және аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Атырау қаласы және аудан әкімдері 2004-2006 жылдарға арналған карантиндік және аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу іс-шаралары жоспарын жүзеге асыру жөніндегі шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ. Мүрсәлиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мусин

Облыстық әкімияттың

2004 жылғы 6 шілдедегі

N 1 қаулысымен бекітілді

Атырау облысында карантиндік және аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Орындаушылар
І. Карантиндік инфекциялардың алдын алу (тырысқақ, оба)		
1. Денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерін		

оба, тырысқақ және тағы басқа аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, емдеу, диагностикалау бойынша жыл сайынғы дайындықтан өткізуді қамтамасыз ету.

2. Елді мекендерге, мұнай кәсіпшіліктеріне, жағадан салынған және қолданыстағы өндірістік кешендерге, мал жайылымдарға, бау-бақша участкілеріне іргелес аумақтарды о б а ғ а эпизоотологиялық зерттеу жүргізу.

3. Тұрғылықты жері бойынша және өндірістік объектілерде халық арасында обаны жұқтырудан сақтану жөніндегі түсіндіру нұсқаулықтарын ұйымдастыру.

4. Түйе малдарын эктопаразиттерге қарсы жүйелі түрде өңдеуден өткізілсін, жеке және заңды тұлғаларға алдыңғы малдәрігерлік қараусыз түйені союға және сойылғаннан кейін еті мен ішкі органдарын малдәрігерлік-санитарлық зерттеусіз сатуға жол берілмесін.

5. Оба қоздырғыштары анықталған жерге жақын орналасқан елді мекендерде тез арада дератизациялық, дезинсекциялық шараларды жүргізуді қамтамасыз ету.

6. Сауда, қоғамдық тамақтану салалары кәсіпорындарын, мекемелерін, азық-түлік сақтау қоймаларын, қолданыстағы және салынып жатқан өнеркәсіптік кәсіпорындарды, б а с қ а мекемелер мен облыс елді мекендердегі тұрғын үй секторын дератизация, дезинсекциямен қамту.

7. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен аралығындағы мемлекеттік шекарасынан өту пункттерінде көлік құралдарын, жолаушылар мен жүктері санитарлық-карантиндік бақылаудан өткізуді жүргізу (Құрманғазы аудан, Котьяевка селосы).

8. Құрманғазы» санитарлық-карантиндік пунктін орын-жай, лабораториялық құрал-жабдықтар, мамандар, компьютерлер және модемді байланыспен, басқа да мүліктермен және аспаптармен жабдықтау

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы, қалалық, аудандық денсаулық сақтау бөлімдері, Облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары, Атырау обаға қарсы күрес станциясы (келісім бойынша) Атырау обаға қарсы күрес станциясы (келісім бойынша)7

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы, ведомстволық медициналық жүйе, Атырау обаға қарсы күрес станциясы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің қалалық, аудандық аумақтық басқармалары (келісім бойынша) Аудан әкімдері, «Дезинфекция ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) Аудан әкімдері, дезинфекция» ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, № 2016 әскери бөлім командирі (келісім бойынша), Атырау облысы бойынша кеден бақылау департаменті (келісім бойынша), Атырау облысы бойынша көліктік

мәселелерін	шешу.	бақылау басқармасы (келісім бойынша), шекарадағы мемлекеттік ветеринарлық бақылау бөлімшесі
9. Мемлекеттік шекарадан өткізу пунктінде жұмыс жасайтын мемлекеттік органдар қызметтерінің келісімі іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету, Құрманғазы ауданы, Котьяевка селосы автоөткелінде карантиндік және аса қауіпті жұқпалы аурулар анықталу жағдайына кешенді іс-шаралар жоспарын бекіту.	2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар жыл сайын	(келісім бойынша) Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы
10. Туристік фирмалар басшыларын, көлік құралдары экипажының мүшелерін, жүргізушілерді, шекарада әскерінің, бақылау-өткізу пунктінің кеден қызметкерлерін, басқа да қызмет жұмысшыларын ауруды анықтау және алдын алу шараларын жүргізу мәселелері бойынша дайындықтан өткізу.	жыл сайын кешіктірмей, шұғыл көрсеткіштер бойынша жыл сайын 2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар 2004 жылды» I тоқсаны және жыл сайын	Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Атырау қаласы, аудан әкімдері, қалалық, аудандық денсаулық сақтау бөлімдері, қалалық, аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы, қалалық, аудандық денсаулық сақтау бөлімдері, Атырау облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптау орталығы. Атырау облыстық ішкі істер басқармасы (келісім бойынша), Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы, Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Атырау қаласы, аудан әкімі, Облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы
11. Шекараралық ынтымақтасу туралы келісімдерге сәйкес Астрахань облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталығымен ресей-Қазақстан шекарасындағы санитарлық-карантиндік бақылау мәселесі жөнінде өзара іс-қимыл жасауды орнату.	жыл сайын жыл сайын жыл сайын жыл сайын жыл сайын 2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар жыл сайын 2004-2006 жылдар жыл сайын	Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық, аудандық аумақтық басқармалары (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының облыстық, аудандық ауыл шаруашылығы басқармалары (келісім бойынша), Аудан әкімдері, Облыстық, аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің Атырау облыстық, аудандық басқармалары (келісім бойынша) Аудан әкімдері (малдәрігерлері және санитарлық қызметтің ұсынысы бойынша).
12. Тырысқақ бойынша эпидемиялық жағдайды шиеленісуіне орай госпитальге, оқшаулағыш және провизорлық госпитальге арналған резервтік үй-жайларды сумен қамтамасыз ету және канализация сызбасын дайындау.	2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар 2004-2006 жылдар жыл сайын 2004-2006 жылдар жыл сайын	Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы
13. Облыстық емдеу-сауықтыру мекемелерін тұзды және коллоидты ерітінділер, антибиотиктерді қорымен, облыстық санэпидемиологиялық сараптау орталығы зертханасында тырысқақты диагностикалау үшін қоректік және бактериялық препараттармен қамтамасыз ету.	жыл сайын	Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы
14. Тырысқақты эпидемиологиялық көрсеткіші бойынша Орта Азия елдерінен (Өзбекістан, Қарақалпақстан, Қырғызстан) келген адамдарды есепке алу, тіркеу, зертханалық тексеруден өткізуді пысықтау.	жыл сайын	Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы
15. Халықтың сумен қамтамасыз ету жағдайына, авариялық жүйелер мен су қабылдағыш құрылғыларын жөндеуден өткізілуін, суды залалсыздандыру және тазалау үшін қажетті	жыл сайын	Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы

реагенттермен жабдықталуын бақылауды қамтамасыз ету. 16. Тырысқақтан қолайсыз елдерден (Өзбекістан, Қарақалпақстан және тағы да басқа) келген, жедел ішек инфекцияларымен ауырған адамдарды госпитализациялауды, тырысқақ ауруына тексеруді жүзеге асыр. II. Зооантропоноздық ауруларды алдын алу.1. Қызылқоға, Махамбет, Индер аудандардағы ауыл шаруашылығы малының бруцеллезбен ауруына қарсы күресу және малды сауықтыру үшін малдәрігерлік алдын-алу арнайы іс-шаралар кешенін жүргізу. 2. Бруцеллезбен ауру малды толық анықтау мақсатында, барлық меншік төріндегі малды жоспарлы тексерумен қамтуды, жыл сайын мал басының» 70 - 80 % . 3. Ауыл шаруашылығы малында бруцеллез ауыруы анықталған жағдайда елді мекендерге, селолық округтерге, жеке қожалықтарға, фермаларға карантин жариялау. 4. Жануарлар мен адам аурушандығы бойынша қолайсыз елді мекендердегі халықты бруцеллезге зертханалық тексерумен қоса диспансерлік қараудан өткізу. 5. Облыс елді мекендеріндегі бруцеллезбен ауырған адамдарды диспансеризациялауын тәртіпке келтіру. 6. Бұралқы иттер мен мысықтарды ұстап алу (ату) жұмысын тұрақты жүргізу мен ұйымдастыру үшін қаражат бөлу. 7. Ауыл шаруашылығы малдары немесе адамда құтыру ауруы диагнозын (күдік туғанда) анықталу барлық жағдайы бойынша санэпидемиологиялық қызмет арасында ақпаратты және эпидемияға қарсы біріккен шараларды жүргізуді қамтамасыз ету. 8. Карантиндік, аса қауіпті жұқпалы ауруларды алдын алуға халық арасында санитарлық-ағарту іс-шараларын жүргізу.	басқармасы Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы Аудан әкімдері Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің Атырау облыстық аумақтық басқармасы (келісім бойынша). Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы, Атырау облыстық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармалары, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің Атырау облыстық аумақтық басқармасы (келісім бойынша)
--	---